ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 26 ақпан №2301-24-00-2/3984 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Вячеслав Дмитриевич Иванов»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 627 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Н.С.Муратов
Прокурор К.Таргинова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 17 мамырда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №379 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «Судағы аммиакты анықтауға арналған 5 ампула 5 мл.реагент, сомасы 15 400 теңге», «Иондардың сульфиті (сульфат, хлорид, фосфат, иодит) 5 ампула 5 мл., сомасы 23 800 теңге», «Иондардың сульфиті (сульфат, хлорид, фосфат, иодит) 2 ампула полифосфаттар, сомасы 12 222 теңге» тауарларын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 39 200 теңге, орындау мерзімі – өтінім берілген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, 2024 жылғы 4 қарашада өтінім берілген.

2024 жылғы 19 қарашада тауар жеткізілген, алайда техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне байланысты тауар 2024 жылғы 26 қарашада жауапкерге қайтарылып, 2024 жылғы 3 желтоқсанға дейін тиісті тауарды жеткізу үшін мерзім берілген.

Алайда күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген, шарт 2024 жылғы 30 желтоқсанда бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер, белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор талап қанағаттандыруға жататыны туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 06.03.2025
2301-24-3-1/4372
Заңды күшіне ... 07.04.2025, сұлба Даурешова О. Ш., 10.04.2025

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 17 мамырда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №379 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға тауарларды жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – өтінім берілген күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, 2024 жылғы 24 қарашаға дейін.

2024 жылғы 19 қарашада тауар жауапкермен жеткізілген, алайда техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуіне байланысты тауар талап қоюшымен қабылданбаған, талап қоюшымен жауапкерге 2024 жылғы 3 желтоқсанға дейін тауарды ауыстырып жеткізу үшін мерзім берілген.

Іс құжаттарындағы 2024 жылғы 25 қарашадағы №1 рекламациялық актіге сәйкес, жауапкермен жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке, атап айтқанда МЕМСТ-ке, құрамына сәйкес келмеуі анықталған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, жеткізілген тауар техникалық ерекшелікке сәйкес келмегенін, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден кешіктірілген 16 күнге 627 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, жауапкерден 627 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап коюшының пайдасына 19 теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 06.03.2025

2301-24-3-1/4372

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер жеке кәсіпкер «Вячеслав Дмитриевич Ивановты» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 5 462 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Вячеслав Дмитриевич Иванов» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Вячеслав Дмитриевич Ивановтан» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 627 (алты жүз жиырма жеті) теңге тұрақсыздық айыбы, 19 (он тоғыз) теңге мемлекеттік бажға төленген сот шығыстары өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Вячеслав Дмитриевич Ивановтан» мемлекет кірісіне, 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Шешім заңды күшіне 07 сәуір 2025 жылы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 06.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 07.04.2025. Ұлтық Паролиева О. Ш., 10.04.2025

2301-24-3-1/4372